

«Рауан» бөбекжай-бақшасы

*Ертеңгілік
«Қош келдің, әз Наурыз»*

Ересек «Нұршуақ» тобы

Тәрбиешілер: Джумагазиева Г.Қ
Төлешова М.Ж
Саз жетекші: Мұқашев Қ.Қ

2022 ЖЫЛ

Жүргізуші: (Теле радиодан)

Той дабылын қағып тұрған
Мұнда біз бар
Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар.
Наурыз тойы басталды,
Бір орында тұрмаңыздар.
Уа, жараңдар, жараңдар!
Көңілің бар алаңдар.
Ата менен анаң бар
Наурыз тойы басталды
Бәрің бері қараңдар

Музыка әуенімен жүргізуші келеді

Жүргізуші:

Уа халқым Армысың!
Аман есен бармысың.
Айнала көктеп жатқанда
Жер Ана үн қатқанда
Тіршілік енді басталып
Мал төлдеп,шулап жатқанда
Қалайғана ойланбай
Үнсіз жатсын қазағым
Ал халайық,тұрмайық
Әндетелік жырлайық!
Ортамызды ашайық,
Ырыс тілеп бұл жылға
Жырдан шашу шашайық

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, қонақтар,біздің кішкентай бүлдіршіндер.

Бәріміздің көптен күткен Наурыз мерекесі келіп қалды. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Наурыз «жаңа күн» деген сөз. Яғни бұл күн біздің ата - бабаларымыз, арғы тегіміз, мындаған жылдардан бері мерекелеп келе жатқан жыл басы мерекесі.

Наурыз тойы құтты болсын!

Мерекелі «Рауан» бөбекжай-бақшасында Наурыз думан басталды.

Музыка әуенімен балалар залға кірді.

Залда музыка ойналып тұр,бір бұрышта (Күн Ана)

орнынан тұрады.

Жүргізуші:

Армысыз, әлемнің алтын шырағы
Күн Ана! Қош келдіңіз!
Төрге шығыңыз.

Фатима(Күн)

Күн Ана: – О, қасиетті Жер-Ана! Адамзат үшін саған басымды иемін. Мен сенің табиғат байлығыңа енетін тау-тасыңнан, жан-жануарыңнан бастап адамдарыңа дейін қуаныш-нұрын сеуіп, әр жүрекке шат-күлкі сыйлап, сіз үшін өзімнің гүл көктемімді, Ару көктемімді шақырғалы тұрмын.

Жүргізуші: Бүгін ұлыстың ұлы күні! Ата-бабаларымыздың сөзімен айтсақ ақ түйенің қарны жарылған күн – Наурыз. Салтанатты Наурызды ортаға шақырайық.

Шашу шашу – Жадыра ана.

Наурыз келсе, құт келгені, халайық!

Есік ашып, шашу шашып

Ел болып қарсы алайық!

Күн – Ана:

Зарыға күткен. Жаңа жылым да келді-ау!

Жаңа жылым жарылқа, ескі жылым, есірке,

Ұрпағымды аман ет!

Жамандық әрі кет, әрі кет! (алыстайды)

Ару көктемім, келе ғой!

Жүргізуші:

Келе жатыр жылымыз,

Мейрамдаймыз мұны біз.

Халқы сүйген мейрамды

Қарсы алайық Наурызды! – деп Ұлыстың ұлы - күні, Жана жыл - Наурызды қарсы алайық!

(музыка ойналып залға наурыз қыз кіреді)

Наурыз қыз :(Билейді)

Салеметсіздер ме ата – аналар, қонақтар!

Айналайын, балалар!

Ашық болсын күніміз.

Ашылады нұрымыз,

Бай - тұлғалы өмірде .

Айтылады жырымыз,

Жайнатады гүл – гүлді.

Сайратамын бұлбұлды,

Жылытып кең даламды,

Гүлдендірем әлемді.

Мерейлі жұрт тойласын,

Мейрам етіп бұл күнді.

Жүргізуші:

- Қош келдің бізге Наурыз төрімізге шығып қонақ бол.

(Наурыз қыз арнайы өзіне тағайындалған орнына отырып, тойды тамашалайды).

Жүргізуші:

Би билейміз ,ән салып,

Наурыз таңын қарсы алып.
Әдемі әнді таңырқап,
Тыңдасын ел тамсанып.
Ән: «Наурыз біздің Жаңа жыл»

Жүргізуші: Ана жақтан аттың дыбыры естіледі, кім екен келе жатқан?
Әуен ойналып тұрады. Ортаға Алдар көсе, Тазша бала шығады.

Алдар(Сауле)

- Уа, халайық! Тойға келіңдер, тойға!
- Нұрлы Наурыз тойына келіңдер!

Тазша бала: (Жансая)

- Уа, балалар! Барыс жылының айтулы тойы, біздің балабақшамыздың Наурыз мерекесіне келіңдер.

Алдар көсе:

- Әй, ағайын, ағайын!
Той деп жар салайын,
Наурыз тойға келіңдер,
Мен де бірге барайын!

Тазша бала:

- Алдар аға, бүгінгі тойға тіпті өлеңдетіп, сықиып киініп келіпсіз ғой. Жел бір жағынан кіріп, екінші жағынан шығып кететін шұрық тесік әйгілі шапаныңыз қайда?

Алдар көсе:

- Биылғы барыс жылын үлкен табыстармен қарсы алып жатқанда жыртық шапан менің теңім бе?

- Тазша бала

Ой Алдеке дұрыс айтасыз Жаңа жылда жаңа киіммен қарсы алу керек дейді ғой. Жаңа жыл бізге бақ береке әкелсін, келіңіз еңдеше екеуміз қол алысып құшақтасып көрісіп қойалық

Алдар көсе:

Келші бауырым, құшағыма қысайын.
Екеуі құшақтасып, Наурыз мерекесімен құттықтайды.
- Наурыз құтты болсын! Барыс жылы елімізге бақ - береке әкелсін!
Халқымыз ұлыс күнді «жыл басы» деп санайды. 21 наурыз түні даланы Қызыр ата аралайды екен. Қызыр - адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын, ақсақал кейіпінде көрінетін қиял ғажайып адам.
Уа, бәрекедді, алыстан ат артып, атты шаршатып, етікті тоздырып жеткенде мынадай мейрамға тап боларымды кім білген?
Ассалаумағалейкум, халқым менің,
Ардақты Наурыз тойлы салтты елім.
Мереке басы болсын берекенің,
Игі еңбектің жемісін бәрің жегін!

Алдар көсе: Мен Алдармын, Алдармын?

Досымын адал жандардың.

Жақсыларға серік боп,

Жаманды талай алдадым. (Кеудесіне қол қойып, басын иеді)

Жүргізуші: Қош келдіңіз Алдар көсе Тазша бала балалармыздың наурыз мерекесіне арналған өнерін тамашалап төрден орын алыңыздар.

Топтардың концерттік бағдарламасы

1. Ән «Наурыз көктем»

2. Тақпақтар

Өлең өрлей жыр самғай

Үйлесті әсем әніміз

Болады тұтас жыл сондай

Қандай болса наурыз/ Жаннұр

Жан қалмасын жай тұрған

Мәз-мейрам жас, кәріміз

Күй шертіліп, айтылды ән

Кел билейік бәріміз / Бейбарыс

Салт дәстүрі жараса

Қайта құрып жаңаша

Жарыса өнер көрсетіп

Той тойлайық тамаша / Альмира

Ақ түйенің қарны жарылды

Наурызды елім сағынды

Үлкен кіші сағынып

Бұл тойға бәрі жиналды / Рамазан

Бақта бұлбұл сайрасын

Сәнді көктем нұрымен

Наурыз – тойы жырымен
Көңіл гүлдей жайнасын./Кенжехан

Күн күлімдеп төбеде
Наурыз келді жаңа жыл
Жан-жануар жадырап
Құстар айтты жаңа жыр /Бексұлтан

Жер шуаққа кенелді
Соны тойлар ел енді
Наурыз тойы салтымыз
Көгерсін деп халқымыз
Ағаштар мен гүл екті //Айзере

Наурыз тойым, Наурыз тойым.
Құтты болсың халайық!
Қане, достар, қане, достар,
Шырқап әнге салайық. / Ж.Абдрахман

3. Қыздардың орындауында «Шашу»биі

4. Ұлттық ойын «Қырық аяқ»

5. Тақпақтар

Елім мен жеріме
Ырысын шашқан наурыз
Күлімдеген көктемге
Шуағын шашқан наурыз /Есбол

Осыншама жақсылық
Алып келген Наурызым
Төрлет бізге нұр беріп,
Шуақ шашып ақ жүзің! /Аралбай

Наурыз шаттық әніміз
Салтанатты сәніміз
Ән саламыз бәріміз
Би билейміз бәріміз /Айсана

Наурыз айы - гүл айы
Наурыз айы - нұр айы
Наурыз айда халқымның
Құлпыра түсер шырайы /Нұрасыл

Уа, халайық, халайық!
Әсем әнге салайық
Наурыз тойын көңілді
Бірге қарсы алайық / Исмаил

Когда приходит праздник Наурыз
Цветут сады, цветут поля
Когда приходит праздник Наурыз
Весною дышит вся земля /Ерке

Кел балалар ойнайық
Наурыз тойын тойлайық
Баянды болып мереке
Қыр гүлдей жайнайық /Нурали

Сәнді көктем - Наурыз!
Наурыз тойы жырымыз
Көңілді гүлдей жайнасын
Құлпырсын күн мен ай
Құтты болсын Наурыз! /Ералы

Бата беріп атамыз,
Бата беріа әжеміз.
Тәтті болып жасаған,
Көжеден дәм татыңыз. /Әбдірахман

Күттіріп келген жыл басы,
Бізбен бірге жырлашы
Елімнің дастарханына
Береке, ырыс сыйлашы / Айнар

Жүргізуші: Өтірік өлең қазақ халқының поэзиясындағы ерекше қызғылықты балалар құмарта тыңдап, қызыға жаттап алатын фольклорлық жанр. Олай болса Өтірік өлеңге кезек берейік

6. Өтірік өлең

Жаздың күні қар жауды
Қар жауды да , мал жауды.
Манағы жауған қар емес,
Шоколад, кәмпіт, барбарис / Альмира

Айда жүрген тауықты
Менің анам сауыпты
Сүтін оның қымызғып
Айран да жасап алыпты./ Бейбарыс

Құмырсқаға мініп ап
Балабақшаға мен барамын
Ал тышқанды іліп ап
Аспанға мен ұшамын / Альмира

Құмда жүзген балықты
Болат ұстап алыпты
Тегін сатып базарға
Миллион теңге тауыпты/ Бейбарыс

Балалар, балалар
Әзіл болсын аралас
Өтірікті айтпаймыз
Тек шындықты айтамыз / Альмира

7. Би «Балбырауын» Ұлдардың орындауында

8. Жаңылтпаш

Талғат балға тап
Он шақты жаңғақ шақ
Шақсаң ,сақ шақ

Қыста құлағым үсіп кетті,
Үсіп,ісіп кетті

Қапыда ит қапты
Қатты қапты
Қапты қатты

Пай-пай-пай
Жайылып жүр тай
Ай-ай-ай
Ұшып кетті торғай

9. Тақпақтар

Кел балалар ойнайық
Наурыз тойын тойлайық
Баянды болып мереке
Қыр гүлдей жайнайық /Арман

Сәнді көктем - Наурыз!
Наурыз тойы жырымыз
Көңілді гүлдей жайнасын
Құлпырсын күн мен ай
Құтты болсын Наурыз! /Айзия

Бата беріп атамыз,
Бата беріа әжеміз.
Тәтті болып жасаған,
Көжеден дәм татыңыз. /Зере

Күттіріп келген жыл басы,
Бізбен бірге жырлашы
Елімнің дастарханына
Береке, ырыс сыйлашы / Алдияр

Наурыз – бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы
Наурыз – елмен елді, бірлікке, ынтымаққа шақырған күн
Наурыз – татулықпен достықтың мерекесі
Наурыз – ізгілікпен молшылықтың мерекесі /Айсабек
Ақ мол болсын, қайда барсақта жол болсын! Еліміз тыныш, барлық отбасына
амандық тілейміз.
Бәрі : Наурыз құтты болсын!
Ән «Көктем келді»

Жүргізуші

Ұлы халқым есептескен
Ата салтын ешкім теппеген, аттап кетпеген
Мың пәледен құтқарады бір бата
Адам болмас бата естіп өспеген.
Ұлы күнде, халайық,
Қалай қарап қалайық
Сәйгүліктей ағайық
Жасын болып жанайық!
Ортамызға атамызды шақырып
Ақ батасын алайық! (*Ортаға бата беру үшін Дархан әкені шақырамыз*).

Жүргізуші:

Наурыз тойын әдемі
Әжем еске түсірді
Біздерге арнап әдейі
Наурыз көже пісірді.
Ашылды да кебеже
Дәм әзірлеу басталды.
Әжем наурыз көжеге
Жеті түрлі ас салды. (*Ортаға әже шығып Наурыз көже әкеледі*).

Әже: Нүргүл Нүсіпәліқызы

Ашық болсын қас қабақ,
Таспен атқанды аспен ат
Бейтаныс та, таныс та
Бүгін төрде бас қонақ
Арпа, бидай, тары бар
Қатық, малта тағы бар
Ішілетін, жейтінің
Бұл көжеде бәрі бар
Ата бата беретін : Тұрғанбай

Ұлыс бақты болсын.
Әр күніміз жақсы болсын
Достығымыз берік болсын.
Ұлыс оң болсын
Ақ мол болсын.
Қайда барсаң, жол болсын.
Ұлыс бақты болсын
Төрт түлік ақты болсын!
Ұлыс береке берсін.
Пәле-жала жерге енсін.
Қайғы-уайым жоқ болсын.
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Жүргізуші:

21 кемеңгер ғасырсын,
Пиілдер,риясыз ашылсын
Аппақ әжелер қолымен,қазақтың дәстүрлі жолымен наурыз шашу шашылсын.

Жүргізуші:

Ән қосылсын сәніңе!
Ырысты боп жаңа жыл!
Бақ дарысын бәріңе!
Ой қосылып ойыңа
Бас қосылып бойыңа
Аман-есен жетейік
Келер Наурыз тойына.

Келесі Наурыз тойында кездескенше қош сау болыңыздар!